

Д.А. Бакиров^{1*} , Д.Б. Жуламанова² ,
А.С. Кошкинбаева³ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Алматы менеджмент университеті, Алматы, Қазақстан

³Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: dbakirov@mail.ru

ЗАМАНАУИ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ МЕНТАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақала заманауи қазақстандық қоғамдағы жастардың құқықтық мәдениеті мәселелерін зерделеуге арналған. Мақаланың мақсаты – жастардың құқықтық мәдениетінің деңгейін, олардың өз құқықтарын қаншалықты білетіні мен тәжірибеде қолдана алуын, жастар санасындағы құқықтық нигилизмін зерделеу. Сонымен бірге мақалада құқықтық мәдениеттің мәні мен түсінігі, олардың әртүрлі анықтамалары, оның құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құрудағы құндылығы қарастырылды. Бұл ғылыми жұмыс отандық және шетелдік ғалымдардың қарастырып отырған мәселелерге қатысты ғылыми зерттеулерін талдау және авторлардың эмпирикалық зерттеуі нәтижелерінде әзірленді. Мақалада қазақстандық жастардың құқықтық мәдениетінің қалыптасуының заңдылықтары мен себеп-салдарын анықтау мақсат етілді. Осы мақсатта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері арасында құқықтық мәдениетті қалай қабылдайтындығы мен оның деңгейін анықтау мақсатында сауалнама түрінде әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Сауалнамаға заң және экономиканың жалпы саны 300-ден астам 1-4 курс студенттері қатысты. Жүргізілген зерттеу келесідей негізгі факторлармен ерекшеленеді: жастардың құқықтық мәселелерге деген қызығушылығы, адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты қоғамдағы жағдай, құқыққорғау органдарына сенімсіздік, азаматтық белсенділіктің төмен деңгейі, құқықтық нигилизм және тағы басқалары. Бұл ерекшеліктер еліміздегі адам құқықтарын қорғау жүйесіне жастардың қарыма қатынасы төмен деңгейін, азаматтық қоғамның әлі толық қалыптаспағандығын, құқықтық мәдениеттің деңгейін көтерудің тиімді жүйесі, құқықтық ақпаратты таратудың, құқықтық білімді пайдаланудың жүйесі қалыптаспағандығын көрсетеді. Бұның барлығы жастардың құқықтық тұрғыдан қалыптасуы мен заң үстемдігін орнығу процесін қиындатады, осының салдарынан, азаматтық қоғамның дамуы бәсеңдейді. Мақала қорытындысында қоғамда жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға қатысты заңнамалық өзгерістер ұсынылды.

Түйін сөздер: құқықтық мәдениет, заң үстемдігі, құқықтық нигилизм, менталдық ерекшелік, құндылықтар, жастар, Z ұрпағы.

D.A. Bakirov^{1*}, D.B. Zhulamanova², A.S. Koshkinbayeva³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan

³Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: dbakirov@mail.ru

Mental features of the formation of the legal culture of modern youth

The article is devoted to the study of the issues of legal culture of youth in modern Kazakhstani society. The purpose of the article is to study the level of legal culture of young people, their knowledge and ability to apply their rights in practice, as well as legal nihilism in the minds of young people. At the same time, the article considers the meaning and concept of legal culture, its various definitions, as well as its importance in the creation of a legal state and civil society. This scientific work is developed on the basis of the analysis of scientific research of domestic and foreign scientists on the issue under consideration and the results of empirical research of the authors. The purpose of the article is to identify patterns and reasons for the formation of the legal culture of Kazakhstani youth. For this purpose, a sociological survey was conducted among students of the Kazakh National University named after al-Farabi in order to identify their perception of legal culture and its level. In total, more than 300 students of 1-4 courses of legal and economic specialties took part in the survey. The conducted research is distinguished by the

following main factors: the interest of young people in legal issues, the situation in society with human rights and freedoms, mistrust of law enforcement agencies, a low level of civic activity, legal nihilism and many others. These features indicate a low level of youth involvement in the human rights protection system in the country, the incompleteness of the formation of civil society, the absence of an effective system for raising the level of legal culture, the absence of a system for disseminating legal information and using legal knowledge. All this complicates the process of legal development of young people and the formation of a state based on the rule of law, and as a result, the development of civil society slows down. In conclusion, the article proposes legislative changes to form a legal culture among young people in society.

Keywords: legal culture, rule of law, legal nihilism, mental uniqueness, values, youth, generation Z.

Д.А. Бакиров^{1*}, Д.Б. Жуламанова², А.С. Кошкинбаева³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Алматы Менеджмент Университет, Алматы, Казахстан

³Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан

*e-mail: dbakirov@mail.ru

Ментальные особенности формирования правовой культуры современной молодежи

Статья посвящена изучению проблем правовой культуры молодежи в современном казахстанском обществе. Целью статьи является анализ уровня правовой культуры молодежи, степени их осведомленности о своих правах и способности применять их на практике, а также выявление проявлений правового нигилизма в молодежной среде. В статье также рассматриваются значение и понятие правовой культуры, различные её определения, а также ценность правовой культуры в построении правового государства и гражданского общества. Данная научная работа основана на анализе научных исследований отечественных и зарубежных ученых, а также на результатах эмпирического исследования, проведенного авторами. Целью исследования являлось выявление закономерностей и причин формирования правовой культуры казахстанской молодежи. С этой целью было проведено социологическое исследование в форме анкетирования среди студентов 1–4 курсов юридического и экономического факультетов Казахского национального университета имени аль-Фараби. В опросе приняли участие более 300 студентов. Проведенное исследование выявило следующие основные особенности: интерес молодежи к правовым вопросам, ситуация в обществе в отношении прав и свобод человека, недоверие к правоохранительным органам, низкий уровень гражданской активности, правовой нигилизм и другие. Эти особенности указывают на низкий уровень вовлеченности молодежи в систему защиты прав человека, на то, что гражданское общество в стране еще не сформировалось в полной мере, а также на отсутствие эффективной системы повышения уровня правовой культуры, распространения правовой информации и использования правовых знаний. Все это затрудняет процесс правового становления молодежи и утверждения верховенства закона, что, в свою очередь, тормозит развитие гражданского общества. В заключении статьи предложены законодательные изменения, направленные на формирование правовой культуры среди молодежи.

Ключевые слова: правовая культура, верховенство права, правовой нигилизм, ментальная уникальность, ценности, молодежь, поколение Z.

Кіріспе

Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам үшін оның мүшелерінің құқықтық мәдениеті жоғары деңгейде және өз әрекеттері үшін жауапты болуы керек. Құқықтық мәдениет деңгейі азаматтық қоғамның дамуының қай сатыда екенін көрсетеді. Жастардың құқықтық мәдениетінің әлеуметтік зерттеулерінің маңыздылығы олардың қоғам өмірінің барлық саласының дамуының маңызды факторы болып табылатындығымен анықталады. Еліміздің құқықтық құндылықтарын қалыптастыру білім беру процесінің және жастардың кәсіби құзыреттілігін,

құқықтық сауаттылығын дамытудың маңызды бөлігі болып табылады.

Кез келген мемлекеттің құқықтық жүйесінің тиімді жұмыс істеуі оның барлық құрамдас бөліктерінің тұрақты және үздіксіз әсерлесуімен қамтамасыз етіледі. Құқықтың негізгі әлеуметтік реттеуші ретінде орнығуы мен үстемдік етуі субъектілердің (жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың, халықтың, этностың, ұлттың) дүниетанымына, олардың құндылықтар жүйесіне, басқаша айтқанда, менталитетіне байланысты болады. Осы субъектілердің заңдылық, әділеттілік, теңдік туралы идеяларына қолданыстағы құқықтың қаншалықты сәйкес келуі оның соншалықты

тиімді болуына және үстемдік етуі елеулі әсер етеді.

Құқықтық шынайылықты өзгертудің бірден бір жолы адамдардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін жетілдіру болып табылады. Қоғамның құқықтық өмірінде болып жатқан процестерді әділ әрі шынайы бағалау, қоғамдағы құқықтық сананың шынайы болмысын көрсетеді. Құқықтық сана рухани, мәдени және менталды тұрғыдан жетілген жағдайда ғана жағымды фактор бола алады. Азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру үшін осы мәселеге байланысты құқықтық реттеудегі тарихи тәжірибені талдау, әлеуметтік, қоғамдық көңіл-күй мен құқыққа деген ұлттық қарым-қатынас негізінде жатқан құқықтық менталитетті зерделеу маңызды.

Қазақстандық қоғамдық ғылымдарында құқықтық сана, құқықтық мінез-құлық, құқықтық мәдениет, құқықтық менталитеттің мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға әсер етуінің және олардың табиғатын құқықтық, саяси, әлеуметтік аспектілері көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Әдебиеттік шолу

«Құқықтық сана» және «құқықтық мәдениет» ұғымдары отандық заң әдебиеттерінде жеткілікті түрде терең және жан-жақты зерттелген (Баймаханов, 2003; Ибраева, Сартаев, 2017; Сапарғалиев, Ибраева 2007). Осы зерттеулердің нәтижесінде қазақстандық құқықтық ғылымында құқықтық сана және құқықтық мәдениеттің өзіндік теориясы қалыптасты.

Академик М.Т. Баймаханов (2003) құқықтық сана құқықпен тығызбен байланысты және онымен ортақ тарихи тағдырды бөлісе отырып, бірігей мақсаттар мен міндеттері бола отырып, құқықтық нормаларды және институттарды бағалайды, олардың кемшіліктерін анықтайды, оларды жою жөніндегі шараларды белгілейді деп көрсетеді. Болжау тәртібінде құқықтың тек жақын уақыттағы ғана емес, алыстағы перспективасын көруге, толық немесе ішінара оның ертеңгі моделін құрастыруға мүмкіндік береді. Құқықтық сана құқықтың тірі рөлін көрсетеді, оның қажеттілігі мен пайдалылығын негіздейді, максималды көрініс алуына және жүзеге асырылуына жағдай жасайды деп пайымдайды.

Құқықтық сана құқықтық нормаларды жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылатындықтан құқықтық ережелерді ерікті жүзеге

асыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар азаматтарда жауапкершілік және кез келген құқық-бұзушылыққа төзімсіздік сезімін қалыптастырады. Құқықтық сананың жоғары деңгейі билік институттарына қоғамның әлеуметтік бақылауын қамтамасыз етеді, құқықтық шешімдердің қабылдануын ынталандырады, заңшығарушылық процеске қатысушыларды тәртіпке келтіреді, демократиялық дамудың негізін қалайды (Баймаханов, 2003). Сөзсіз, академиктің осы пікірімен толық келісуге болады, және бұл тезистер құқықтық сананың табиғаты мен маңыздылығын дәл және толық ашады деп айтуға болады.

С. Сартаев, А.Ибраева (2017) пікірлеріне сәйкес, құқықтық сана құқыққа қатысты көзқарастар, идеялар, сезімдердің, көңіл күйлердің жиынтығын білдіреді. Ол өзіне құқық түсінушілікті, мемлекет және қоғам өмірінде құқықтың, құқықтық мекемелердің рөліне қатысты көзқарастарды, адам құқықтары, оның басқа адамдар, мемлекет және қоғам алдындағы жауапкершілігі туралы идеяларды біріктіреді. Құқықтық мәдениет – қоғамның құқықтық өмірінің сапалы жағдайы, ол құқықтық актілердің, құқықтық және құқыққолданушылық қызметтің, құқықтық сананың және тұлғаның құқықтық дамуының жетілген деңгейінде, мемлекетпен тұлғаның өзара жауапкершілігінде көрініс табады.

Құқықтық мәдениетке қатысты Ғ.Сапарғалиев және А.Ибраева (2007) өз еңбектерінде тұлғаның құқықтық мәдениеті – құқықты білу және ұғыну (түсіну) және құрметтеуден тұрады. Бұл құқықтық ұйғарымдарды нақты түсініп орындаудан көрініс алады деп көрсетеді.

Құқықтық мәдениет және оның түрлері тарихи түрде қалыптасты. Құқықтық мәдениетті тұтастай қоғамның мәдениетінің маңызды бөлігі, күрделі қоғамдық құбылыс деп айтуға болады. Бүгінгі таңда, құқықтық мәдениеттің көптеген анықтамалары кездеседі. (Кабыкенова 2007: 13-16) құқықтық мәдениетті тұтастай қоғамның мәдениетінің ажырамас бөлігі, оның мәні құқық және заңдық тәжірибенің шегінен тыс шығады деп анықтайды. Құқық және құқықтық құндылықтардың, құқықтық прогресстің және рухани мәдениеттің реттеушілік сапасының деңгейін көрсететін құқықтық мәдениетте құқықтық сана жүзеге асырылады. құқықтық мәдениеттің келесі анықтамасын береді: «Құқықтық мәдениет және адам құқықтары – тұлғаның еркіндігінің шеңберін және олардың тиімді жүзеге асырылуын анықтайтын өзара байланысты құбылыстар» (Турлаев 2007: 162).

Ресейлік зерттеуші Р.С. Байниязовтың пікірінше «құқықтық менталитет» құқықтық сананың жалпы теориясының фундаменталды категориясының бірі болып табылады (Байниязов 2002: 31-45). Ал, И.А. Иванниковтың пікіріне сәйкес «құқықтық мәдениет» және «құқықтық менталитет» өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша сәйкес келеді. Сондықтан ол орыс тіліне әдемі, бірақ бүгінгі күнге дейін көпшілікке түсініксіз «менталитет» (менталдық) терминнің ендірудің қажеті жоқ деп есептейді (Иванов 1998: 14-19).

Украиндық зерттеуші В.А. Павловская-Кравчуктың пікірінше, құқықтық менталитет құқықтық сананың қалыптасуына әсер ететін анықтаушы факторлардың бірі болып табылады, ол өз кезегінде адамның біртұтас субъективті санасында құқықтың психикалық алғышарттарының бейнеленуіне айналады (Павловская-Кравчук 2010: 257-266). Ал құқықтық мәдениет – құқықтық сананың субъективті менталдық аксиома-бағдарларының объективті көрінісі және құқықтық менталитеттің дамуының нәтижесі болып табылады.

Құқықтық мәдениет, заң үстемдігі, нигилизм терминдері осы мақала аясындағы зерттеудің негізгі объектілері болып табылады. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес құқықтық мәдениеттің маңыздылығын ескере отырып, оның жастар санасында қалыптасуының негізгі заңдылықтарын, оның ішінде, менталдық ерекшеліктерін зерделеу қажет. Демек, жастар арасында құқықтық мәдениет деңгейін және оған ықпал ететін факторларды гендерлік, жас, білім алу деңгейі анықтау мақаланың мақсаты ретінде анықталды.

Мақалада құқықтық мәдениетті теориялық тұрғыдан қарастыра отырып, онымен түспа-түс келетін менталдық ерекшелік, қоғамдық құндылықтар сияқты түсініктерді зерделеу арқылы заң үстемдігін қабылдау немесе оған қарама-қарсы келетін нигилизмнің құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы әсері анықтау көзделді. Зерттеу барысында жастарға, әсіресе кәмелеттік жасқа толып, еңбек нарығына шығып жатқан Z ұрпағы қарастырылады (Bencsik және т.б. 2016). Жастардың құқықтық мәдениет пен қоғамдық құндылықтарының қалыптасу деңгейі олардың жалпы дүниетанымын, өмірге деген көзқарастарын, заңдарда бекітілген құқықтарын білуге, өз міндеттерін орындауға тура ықпал етеді.

Айта кететін жайт, қоғам үшін мемлекеттік қызмет жүйесіндегі қызметкерлер арасында құқықтық мәдениеттің қалыптасуы өте маңызды. Себебі, мемлекеттік қызметкер өз қызметін ат-

қару барысында жоғары деңгейдегі құқықтық мәдениетті негізге алып, парасаттылық атмосфераны құра алуы қажет (Code of honor of public servants of RK, 2025). Қазіргі таңда жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметкерлердің 50%-дан астамы заң, экономика және бизнес саласында білім алған (Искендинова және т.б., 2024). Осы орайда, жастардың құқықтық мәдениетке қатысты ой-пікірлерін анықтау мақсатында ұйымдастырылған зерттеу жұмысы барысында, құқықтану мен экономика факультеттерінің студенттері арасында зерттеу жүргізілді.

Құқықтық мәдениет қоғамның және тұлғаның мәдениетінің құрамдас бөлігі, жалпы мәдениеттің дамуының көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Ол сонымен бірге, қоғамның құқықтық деңгейін көрсетеді. Құқықтық мәдениет – құқықтық білімдердің және біліктіліктің, әрбір тұлғаның құқықтық жүріс тұрысты қабылдаудың және қолданыстағы құқық нормаларын жүзеге асыру қабілеттілігінің көрсеткіші (Ахметов, 2013: 238-242).

Қазақстандық қоғамдағы құқықтық сана, құқықтық мәдениет, тұтастай құқықтық менталитет деңгейін анықтауға қатысты отандық зерттеулер бар. Оның ішінде қазақстандық жастардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениеті деңгейін анықтауға бағытталған 2020 жылы қазақстандық қоғамдағы құқықтық мәдениетті өлшеу жөнінде академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің әртүрлі мамандықтар мен курстағы 486 студентінен сауалнама әдісі арқылы жасалынған (бұдан әрі – 2020 жылғы зерттеу) әлеуметтік зерттеуді атап өтуге болады (Айменов, 2010).

Жастардың құқықтық мәдениетінің қалыптасуының менталдық ерекшеліктерін зерделеу мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) заң факультеті мен экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Айта кету керек, ҚазҰУ-і еліміздің көптеген аймақтарынан келген студенттерді біріктірендіктен, іріктемеміздің қалыптасуына маңызды себеп болды.

Сауалнама барысында келесі зерттеу сұрақтары қойылды:

1. Жас ұрпақтың жас деңгейі, жынысы, курс, мамандықтарына байланысты құқықтықтарын білу деңгейі қандай?

2. Сәйкесінше бұл факторлар құқықтық мәдениеттің қалыптасуына қаншалықты ықпал етуі мүмкін?

3. Студенттердің құқықтық мәдениет деңгейіне заң үстемдігін қабылдау немесе нигилизм қаншалықты әсер етеді?

4. Студенттердің бойында құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін басқа қандай факторлар болуы мүмкін?

Сонымен бірге зерттеу талаптарына сәйкес зерттеу сұрақтарына тәуелді бірнеше болжамдар ұсынылады.

Но (1) Студенттің құқықтарды білу деңгейі мамандығына, курсына, жасына тәуелді емес.

На (1) Студенттің құқықтарды білу деңгейі мамандығына, курсына, жасына тәуелді.

Но (2) Студенттің құқықтарды білу деңгейі жынысына тәуелді емес.

На (2) Студенттің құқықтарды білу деңгейі жынысына тәуелді.

Но (3) Құқықтардың сақталуы мен міндеттердің орындалуын талап етуде гендерлік айырмашылық жоқ.

На (3) Құқықтардың сақталуы мен міндеттердің орындалуын талап етуде гендерлік айырмашылық бар.

Но (4) Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген құқықтар, міндеттер мен бостандықтардың білу деңгейі мамандықтарына тәуелді емес.

На (4) ҚР Конституциясында көзделген құқықтар, міндеттер мен бостандықтардың білу деңгейі мамандықтарына тәуелді.

Но (5) Заңның үстемдігімен келісу жасқа, жынысқа және мамандыққа тәуелді емес.

На (5) Заңның үстемдігімен келісу жасқа, жынысқа және мамандыққа тәуелді

Но (6) Заң үстемдігі мен жеке азаматтың өз құқықтарын білу деңгейі, қоғамда азаматтардың заңдарда көрсетілген құқықтарын білу деңгейі арасында байланыс жоқ.

На (6) Заң үстемдігі мен жеке азаматтың өз құқықтарын білу деңгейі, қоғамда азаматтардың заңдарда көрсетілген құқықтарын білу деңгейі арасында байланыс бар.

Материалдар мен әдістер

Құқықтық мәдениет, менталдық ерекшелік, құқықтық құндылықтар, жастардың дүниетанымы сияқты феномендерді ескере отырып, жан-жақты теориялық тұрғыдан зерттеу қарастырылды. Қойылған мақсатқа негізделе отырып, анықталған зерттеу сұрақтарына жауап беру мақсатында зерттеудің сандық әдістері қолданылды (O'Leary, Tennent, 2024).

Сандық деректер сауалнама негізінде жинақталды. Сауалнама жасырын түрде, Google Forms ақылы жүргізілді. Сауалнама негізінен студенттердің құқықтық мәдениет деңгейін, заң үстемдігі мен нигилизмге қатысты пікірлерін анықтауға бағытталды. Сандық деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасында талданды (Hair және т.б., 2017). Болжамдарға сәйкес бірнеше топтарға арналған бірөлшемді дисперсиялық талдау (One-Way Anova), екі топқа арналған тәуелсіз t-test, X^2 немесе Chi-Square test және сонымен қатар айнымалылар арасында көптүрлі регрессия жүргізілді. Нәтижелер анализ және синтез әдістері арқылы сараланды.

Мақаладағы зерттеудің әдіснамалық негізін танымның ғылыми диалектикалық әдістерінің ережелері құрайды. Ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде диалектикалық, салыстырмалы-құқықтық, құқықтық модельдеу, логикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін деңгейін анықтаумен айқындалады. Бұл құқықтық мәдениетті қазақстандық тәжірибеде кеңінен қолданылуына мүмкіндік беруі тиіс.

Нәтижелер мен талқылаулар

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны – 303. Респонденттердің оқып жүрген мамандықтары және жастарына тәуелді 3 респонденттің жауаптары релевантты емес деп анықталды. Респонденттер бойынша сипаттамалық статистика мәліметтері келесідей болды:

- Гендерлік әртүрлілікке қатысты, келесідей мәліметтер анықталды: ер адамдар – 154 немесе 51,3%, ал әйел адамдар – 146 немесе 48,7% құрады.

- Жас ерекшеліктеріне байланысты респонденттер келесідей бөлінді: 17-19 жас аралығында – 204 адам немесе 68%, 20-22 жас аралығында – 92 адам немесе 30,7%, ал 23-25 жас аралығында – 4 немесе 1,3% анықталды.

- Мамандықтарына сәйкес 219 студент немесе 73% құқықтану, ал 81 студент немесе 27% экономика бағыты бойынша оқиды.

- Курстарына қатысты келесідей бөлінді: 1-курс – 116 студент немесе 38,7%, 2-курс – 81 студент немесе 27%, 3-курс – 32 студент немесе 20,7%, ал 4-курс – 71 студент немесе 23,7%.

Сауалнама сұрақтарының сенімділік-дәйектілікті анықтау үшін Кронбах (α) коэффициенті есептелді. Коэффициент 0,700 құрады, сәйкесін-

ше $\leq 0,7$ болып, ішкі сәйкестікті көрсетті (Burns және т.б., 2008).

Ең алдымен, ҚазҰУ студенттерінен «Өз құқықтарыңызды не үшін білу керек?» деген сауал қойылды. Сауалға жауап беру барысында респонденттердің 71% өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету үшін деп жауап берді. Ал сұралғандардың 13% «құқықтық мемлекет құру үшін» нұсқасын белгілесе, 12% «азаматтық қоғамды дамыту үшін» нұсқасын таңдаған. Респонденттердің 3,3% құқықты қоғам талаптарын орындау үшін білу керек деп көрсетті. Демек жастардың басым көпшілігі құқықтарды білудің құндылығы мен маңыздылығын өз қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланыстырады. Сонымен бірге құқықтық мемлекет және азаматтық қоғамды дамыту сияқты жоғары идеалдарға жастардың нигилизмін, яғни нигилистік көзқарастарын, сенімсіздігін байқауға болады.

Но (1) болжамын тексеру мақсатында, «Сіз өз құқықтарыңызды қай деңгейде білемін деп ойлайсыз?» сұрағы бойынша респонденттердің жауаптары талданды. Сәйкесінше бірөлшемді дисперсиялық талдау жүргізілді (One-Way Anova). Нәтижесі төмендегідей болды (1-кесте).

1-кесте – Бірөлшемді дисперсиялық талдау (One-Way Anova)

Айнымалы	F (Фишер статистикасы)	P Value (Sig)	Статистикалық маңыздылығы
Жасы	2,567	0,055	Маңыздылық шегінде
Курс	1,243	0,294	Маңызды емес
Мамандық	5,781	0,001	Маңызды
Sig < 0,05 статистикалық маңызды			

Үш топқа арналған бірөлшемді дисперсиялық талдау нәтижелері бойынша студенттердің оқу курс деңгейі олардың заңдарды білу деңгейіне айтарлықтай әсер етпейді. Ал олардың жастары заңдарды білу деңгейіне кей жағдайда әсер етуі мүмкін. Мамандықтары бойынша, заңдарды білудің орташа деңгейі құқықтану мамандығы ($M = 1,78$, $SD = 0,682$) мен экономика мамандығы ($M = 2,10$, $SD = 0,816$), $p = 0,001$ мәніне ие болып, демек $< 0,05$ кем мәні студенттер арасында статистикалық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетті (Burns және т.б., 2008). Құқықтану мамандығының студенттері көп жағдайда өз құқықтарын өте жақсы, жақсы деңгейде білетіндіктерін көрсеткен. Демек Но(1) болжамы ішінара қабылданады.

Келесі Но(2) болжамын тексеру мақсатында екі топқа арналған тәуелсіз t-test жүргізілді. Нәтижеге сәйкес келесідей қорытындылар жасай аламыз. Ер ($M = 1,79$, $SD = 0,673$) мен әйел ($M = 1,95$, $SD = 0,786$), $t = -1,81$, $p = 0,07$ демек $> 0,05$ статистикалық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеленбейтінін көрсетті (2-кесте). Алынған мәнге сәйкес біздің елімізде құқықтық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына гендерлік өзгешілік әсер етпейді.

2-кесте – Екі топқа арналған тәуелсіз t-test

Мамандық	Саны	Орташа/ Mean	Стандартты ауытқу (SD)	t	df	P Value (Sig)
Ер	154	1,79	0,673	- 1,81	298	0,07
Әйел	146	1,95	0,786			

Студенттер құқықтық ақпаратты қайдан алатындығы маңызды болып табылады. Бұл критерий қайнар көздерді бағалауға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға не әсерін тигізетіндігін түсінуге мүмкіндік береді. Сауалнамаға сәйкес, студенттерден құқықтарды қайдан білетіндері туралы сұралды. Студенттердің 58% өз құқықтарын мектеп қабырғасынан, 29,7% университеттен білетіндерін көрсетті. Ал 9,7% аталарынан білетіндігін айтты, 2,7% интернет желісі және тағы да басқа ақпарат көздерінен оқыған. Демек жастар арасында құқықтық мә-

тіндері туралы сұралды. Студенттердің 58% өз құқықтарын мектеп қабырғасынан, 29,7% университеттен білетіндерін көрсетті. Ал 9,7% аталарынан білетіндігін айтты, 2,7% интернет желісі және тағы да басқа ақпарат көздерінен оқыған. Демек жастар арасында құқықтық мә-

дениеттің қалыптасуына білім ұйымдары елеулі ықпал етеді. Сәйкесінше білім беру ұйымдарында құқықтық тәрбие беру жүйесінің нәтижелілігін көруге болады. Дегенмен әлеуметтік институт ретінде отбасының жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда рөлі әлсіз. Сонымен бірге заманауи технологиялар уақытында респонденттердің өз құқықтарын оқып білуде интернет және әлеуметтік желілердің мүмкіндігін төмен деңгейде пайдалануы зерттеу барысында күтпеген жайт болды.

Керісінше, 2020 жылғы зерттеудегі құқықтық ақпаратты қайдан алатындығы туралы сұраққа сұралғандардың 22,1% қайнар көз ретінде интернетті көрсеткен. Демек интернет бұл студенттік жастар үшін құқықтық ақпараттың маңызды қайнар көзі болып табылады. Осы зерттеуге сәйкес, студенттердің 19% мектеп қабырғасын, 17,2% оқулықтар мен оқу құралдарын, 11,1% заңдар мәтінін, 10,4% ата аналарын, 7,8% құрбыларын атап өткен. Біздің және 2020 жылғы зерттеуге сәйкес «мектеп» құқықтық ақпараттың басты қайнар көздерінің бірі болып табылады. Яғни, білім ұйымы ретінде мектеп жастардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға елеулі түрде әсерін тигізеді. Екі зерттеуде де студенттер ата аналарын құқықтық ақпараттың қайнар көзі ретінде шамамен бірдей деңгейде көрсеткенін атап өту қажет.

Респонденттерге «адам құқықтары мен құқықтық мәдениетті қалай қабылдайтындықтарына» қатысты бірнеше сұрақтар қойылды. Соның ішінде қандай құжат адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының негізгі қайнар көзі болып табылатындығына байланысты сауал қойылған кезде, 71,3% «Адам құқықтарының жалпы декларациясы», 24% «Қазақстан Республикасы Конституциясын» көрсеткен. Ал адамдардың қолайлы өмір сүруі үшін құқықтардың қайсысы маңыздырақ екендігін анықтау барысында 64,7% ар-ождан бостандығын белгілесек, 23% сөз бостандығын, 7% ақпарат еркіндігі мен заң алдындағы теңдікті көрсеткен. Демек, жастар арасында Конституцияның адам құқықтары мен бостандықтарының негізгі қайнар көзі ретіндегі маңыздылығын одан әрі күшейтуді талап етеді.

Құқықтық мемлекеттің негізгі көрсеткіштерінің бірі заң билігі мен заңның орындалуының бұлтартпастығы. Осы орайда жастарға заңдар қай кезде сақталуы тиіс деген сұрақ қойылды. Олардың 26% заңдар қоғамның дәстүрлеріне, 9,3% жеке нанымдарына, ал 8,6% отбасы мен

достарының көзқарастарымен сәйкес келген жағдайда сақталуы керек деп көрсетті. Сұралғандардың 55,3% «барлық жағдайда» деп жауап берді. Бұдан көретініміз, менталдық ерекшелік тұрғысынан сұралған жастардың жартысында заңдарды сақтауда нигилистік қарым-қатынас байқалады. Сол себептен жастардың менталдығында заң билігі толыққанды құндылық болып табылмайтындығын көруге болады. Әсіресе, дәстүрлер әлеуметтік құндылықтар ретінде жастардың біршама (26%) бөлігінің санасында маңызды рөл атқарады. Демек құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құруда бір жағынан дәстүрлер тежегіш фактор болса, екінші жағынан, дәстүр сияқты әлеуметтік нормалар құқықтық мәдениетті қалыптастыруда әрқашан ескерілу қажет. Осы жерде В.В.Загородскийдің пікірін айта кету қажет, оған сәйкес құқықтық мәдениеттің деформациясын мінез-құлық әрекетінің сыртқы нышаны деп түсіну керек, бұл құқықтық мінез-құлық субъектісі өзінің мінез-құлқын құқықтық нормалармен салыстыруды қажет емес деп санайтынын және оларды менсінбейтін немесе оларға деген теріс көзқарасын көрсетеді (Загородский, 2010: 125-127).

Құқықтар мен міндеттерге ересектердей неше жастан ие болуы керек деген сұрақ қойылды. Жас факторы жастардың көзқарастарына сәйкес аса қатты менталдық ерекшеліктерді көрсетпеді. Берілген нұсқалардың ішінен 19% – 14 жас, 33,3% – 16 жас, 47,7% – 18 жасты көрсетті. 7 және 10 жас жауап нұсқалары таңдалмаған. Респонденттердің пікірінше, ел азаматтары құқықтарға ие болу мен міндеттерді атқаруда кәмелеттік жасқа жақындаған кезде ересек адамдардай жауапкершілік таныту керектігін көрсетті. Жалпы қолданыстағы заңнамада белгіленген «жас цензі» жастардың менталдық ерекшеліктерін ескереді деп пайымдай аламыз.

Зерттеу барысында Конституцияда көзделген құқықтар мен міндеттерді білу, сақтауға қатысты сұрақтар қойылды. Ең алдымен құқықтың сақталуы немесе міндеттің орындалуын талап етудің қайсысы маңызды деп мамандыққа байланысты сұралған кезде, екеуінің де тең маңыздылығын көрсетті. Но(3) болжамын тексеру барысында тәуелсіз t-test жүргізілді. Мәндері Ер ($M = 2,48$, $SD = 0,842$) мен Әйел ($M = 2,72$, $SD = 0,630$), $t = -2,769$ $p = 0,006$ демек $> 0,05$ статистикалық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетті. Респонденттердің құқықтардың сақталуы мен міндеттердің орындалуын талап етуде айтарлықтай гендерлік айырмашылық бар. Ер адамдар көп жағдайда міндеттердің орындалуын

талап етсе, әйел адамдар құқықтардың сақталуына назар аударады. Осылайша На (3) альтернативті болжамды қабылдаймыз.

Сұрау салу барысында, жастарға Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білу деңгейі бойынша сұрақ қойылды (3-кесте), осылайша Но(4) болжамы қарастырылды.

3-кесте – «Конституцияда көзделген құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызды, міндеттеріңізді білесіз бе?»

Жауаптары	Саны	Пайыз, %
Өте жақсы	99	33
Жақсы	146	48,7
Қанағаттанарлық	51	17
Нашар	4	1,3

Мақсат студенттердің оқып жатқан мамандықтарына байланысты салыстырмалы түрде талдау жасау болды. Бұл жерде айтарлықтай ерекшелік байқалады. Тәуелсіз t-test бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды. Себебі $p = 0,002$ демек $> 0,05$ көрсеткішіне ие болып, зерттеу нәтижесінің маңыздылығы дәлелденді. Осы тұрғыдан экономика мамандығының студенттері Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген құқықтар мен бостандықтар, міндеттерден құқықтану мамандығының студенттеріне қарағанда хабардарлығын жоғары екендігін көрсетті. Демек На (4) болжамы қабылданады, сонымен бірге, бұл мәлімет Но (1) болжамын толықтырады. Бұндай нәтижеден заңгерлер өздерінің заңға қатысты білімдерін кәсіби тұрғыдан қатал сыни тұрғыдан бағалауы себеп болуы мүмкін деп болжай аламыз. Бұл сұрақ болашақ зерттеулерде әрі қарай тереңінен зерттелуін қажет етеді. Сонымен қатар екі мамандықтың өкілдері де Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген барлық құқықтарды білудің маңыздылығын көрсетеді және Конституция нормаларын сақтауды міндет ретінде қабылдайды.

Азаматтардың, соның ішінде біз қарастырып отырған кәметтік жасқа толып, еңбек нарығына шығуына дайындалып жатқан жастардың менталитеті, менталдық ерекшеліктері құқықтық құндылықтарды қабылдауына елеулі түрде әсерін тигізеді. Өз кезегінде, құқықтық құндылықтар тұтастай құқықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Құқықтық мәдениет адамдардың қандайда бір жағдайда

жауапкершілік танытып, өздерін ұстауында көрініс табады. Осыған орай, азаматтардың заңдарды түсінуі, оларды сақтауға ұмтылуы қоғамдағы құқықтық мәдениеттің әлеуетін арттырады.

Зерттеу барысында респонденттерден «құқықтық мәдениет» ұғымын қалай қабылдайтындықтары және олардың пікірінше ол нені қамтитындығы туралы сұралды. Конституцияда көрсетілген адам құқықтары мен бостандықтарының құрметтелуі мен сақталуы құқықтық мәдениеттің ең басты көрсеткіші ретінде анықталды, бұл жауапты сауалнамаға қатысқан студенттердің 84% таңдады. Респонденттердің 5,7% қоғамның аз бөлігі қабылдайтын құқықтық құндылық ретінде анықтайды. Демек жастардың басым көпшілік бөлігінде құқықтық мәдениетті барабар қабылдайды. Құқықтық мәдениет нені қамтиды деген сұраққа респонденттердің 37% оған құқықтық білім, құқықтық наным, құқықтық бағдарлар және құқықтық әрекеттерді жатқызды. Осы көрсеткішке сұралғандардың 30,7% құқықтық мәдениет құқықтық сана мен адамгершілікті қамтитындығын атап өтті.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы жағдайында жалпы қоғамдағы құқықтық мәдениет деңгейінің жоғары болуы заң үстемдігін мойындауы мен орнығуына әсер етуі мүмкін. Сол себепті, мемлекет тарапынан қоғамдағы құқықтық нигилизмді жою жөнінде тиісті шаралар қабылдануы қажет. Қоғамдағы заң үстемдігінің сақталуының анықтау мақсатында студенттерге «Біздің қоғамда заңның үстемдігі сақталады деп ойлайсыз ба?» деген сұрақ қойылды. Сәйкесінше Но(5) болжамы тексерілді. Болжамды тексеру мақсатында Хи-квадрат (X^2 , Chi-Square Test) тесті жүргізілді (O'Leary, Tennent, 2024).

Сұрау салу нәтижесінде, келесідей нәтижелер алынды (Кесте 4).


Нәтижеге сәйкес жас және жыныс сияқты факторлар заң үстемдігін мойындауға әсер етпейді. Ал мамандық факторы бойынша айтарлықтай ерекшелік бар. Маңыздылық көрсеткіші $Sig < 0,05$ тең болып, яғни $p = 0,001$ мәнге ие, статистикалық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеленетінін мойындаймыз. На(5) заң үстемдігінің сақталуы жасқа, жынысқа және мамандыққа тәуелді болжамын ішінара қабылдаймыз. Экономика бағытындағы студенттердің құқықтану мамандығының студенттеріне қарағанда заң үстемдігінің сақталуына қатысты құқықтық нигилизм деңгейі жоғары. Бұл өз кезегінде нигилизмнің қалыптасуына не себеп болғандығын әрі қарай тереңінен зерттеуді талап етеді.

4-кесте – Хи-квадрат (X^2) нәтижесі

Айнымалы	Pearson Chi-Square мәні	P Value (Sig)	Нәтижесі
Жасы	6,779	0,576	Маңызды емес
Жынысы	2,890	0,561	Маңызды емес
Мамандық	6,779	0,001	Маңызды
Sig < 0,05 статистикалық маңызды			

Құқықтық нигилизм деңгейіне сот, полиция, үкімет сияқты институттарға сенімнің төмен болуы, әділетсіздіктің құрбаны болуы, заңды сақтау міндетті емес деп ойлау жағдайында қалыптасуы мүмкін. Сондықтан респонденттерге қосымша «Қалай ойлайсыз, бірінші кезекте, сіздің құқығыңызды кім қорғауы тиіс?» (1-сурет) сұрағы қойылды. Респонденттердің

84% құқықтарды ең алдымен өздері қорғауы керектігін айтқан. Бұдан көріп отырғанымыздай, жастар өз құқықтарын қорғауда жауапкершілік пен өздерінің құқықсубъектілігін сезінеді, негізінен өздеріне сенеді. Сонымен бірге, олар құқықтарды қорғаудағы қоғамдық және мемлекеттік институттарға нигилистік көзқарас танытады.



1-сурет – «Қалай ойлайсыз, бірінші кезекте, сіздің құқығыңызды кім қорғауы тиіс?»

Но (6) болжамын тексеру кезінде алдын-ала белгіленген айнымалылар қолданылды. Тәуелді айнымалы ретінде заң үстемдігі, ал тәуелсіз айнымалылар ретінде жеке азаматтың өз құқықтарын білу деңгейі мен қоғамда азаматтардың заңдарда көрсетілген құқықтарын білу деңгейі қолданылды. Демек әдебиеттерге шолу кезінде

анықталған тәуелсіз айнымалылар бізге құқықтық мәдениет деңгейін көрсетеді. Болжамды тексеру үшін көптүрлі регрессия жүргізілді. Нәтижеге сәйкес, (5-кесте) келесідей қорытынды жасаймыз. Заң үстемдігін қабылдауда 19,1% вариация коэффициенті азаматтардың құқықтарын білу деңгейімен түсіндіріледі. Демек азаматтар-

дың заңды білу деңгейі шартты бір бірлікке артқан сайын, заң үстемдігін қабылдау да 0,426-ға ұлғаяды.

5-кесте – Модельдегі айнымалылар коэффициенті

	Модельдің маңыздылығы	R-Square (R ²)	(R)
Заң үстемдігі	F=35,088 P Value (Sig)=0,000	0,191 (19,1%)	0,437
Sig < 0,05 статистикалық маңызды			

На(6) Заң үстемдігі, жеке азаматтың өз құқықтарын білу деңгейі және қоғамда азаматтардың заңдарда көрсетілген құқықтарын білу деңгейі арасында байланыс бар деген болжамды қабылдаймыз. Жоғарыда келтірілген көптірлі регрессия мәні төмен, демек болашақ зерттеулерде қосымша тәуелсіз айнымалыларды зерттеу моделіне енгізу керектігін айқындайды.

Респонденттерден олардың құқықтары бұзылған жағдайдың орын алғандығы туралы сұралды. Респонденттердің 37% ондай жағдайдың болғандығын көрсетті, соның ішінде 7,3% құқықтық көмекке жүгінгендігі туралы айтты. Ал қалғандары өмірде ондай жағдайдың болмағандығын көрсетті. Нақтылау мақсатында, қандай

құқықтарыңыз бұзылған жағдайлар орын алды деп қосымша сұрақ қойылды. Көп жағдайда жеке басқа қол сұғушылық, тұтынушылық құқықтарының бұзылуы, еркін жүріп-тұру, білім алу және тағы да басқа құқық бұзушылыққа тап болғандарын жеткізеді. Сонымен қатар студенттерден тұлға ұсталған жағдайда, 72 сағат ішінде неге рұқсат етіледі деп сұралды. Адвокатқа рұқсат етіледі деп сұралғандардың 64,3% жауап берген, ал 15,3% отбасы мен достарының көмегіне жүгінуге болатындығын көрсеткен. Бұл сұраққа респонденттердің 11,7% жауап бере алмады.

Құқықтық сауаттылық тек құқықтық көзқарастарда ғана емес, сонымен бірге құқықтық белсенділікте көрініс табады. Ол іс жүзінде алынған құзыреттілікті қолдануды меңзейді. Осыған орай студенттерден құқықтық бағыттағы қызметке қатысу тәжірибелері бар немесе жоқтығы туралы сұралды. Барлық сауалнамаға қатысушылардың, 300-дің ішінен 106 респондент ондай тәжірибенің болғандығын және сот отырыстарына қатысқандықтарын жеткізді. Әрине, бұл жерде оқып жатқан мамандық ерекшелігін ескеру орынды, Pearson Chi-Square мәні, яғни маңыздылық көрсеткіші $p = 0,001$ мәнге ие болып, құқықтану мен экономистер арасында айырмашылық барын анықтадық. Дегенмен экономистерде де құқықтық тәжірибе барын көруге болады (6-кесте).

6-кесте – «Құқықтық бағыттағы қызметте қатысу тәжірибеңіз бар ма?»

Мамандық	Ондай тәжірибе бар	Ондай тәжірибе жоқ	Бірнеше рет сот отырыстарына қатыстым	Құқықтық кеңес беруге қатыстым	Басқа	Барлығы
Құқықтану	90	97	25	7	0	219
Экономика	16	58	5	1	1	81
Барлығы	106	155	30	8	1	300

2020 жылғы зерттеуге сәйкес, студенттердің басым көпшілік бөлігінде (84,1%) құқықтық салада тиісті тәжірибесі болмаған. Респонденттердің тек 11,8% құқықтық бағыттағы қызметтерде (сот отырыстарында, талап арыз беруде, өз құқықтарын әр түрлі инстанцияларда қорғауда) қатысқан. Яғни, екі зерттеу нәтижелерін назарға ала отырып, студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы басты кедергілердің бірі құқықтық тәжірибенің жетіспейтіндігі болып табылатындығын айтуға болады.

Жоғарыда анықталған мәліметтерге сәйкес жасына, жынысы, мамандықтарынан тәуелсіз жастардың қоғам ішінде құқықтық мәдениет жоғары деңгейде болуы қажет. Сонда кез-келген Қазақстан Республикасының азаматы өзінің және жақындарының құқығын қорғап, құқықтық көмек беруге қабілетті бола алады. Өз кезегінде құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейде болуы қоғамда заңның үстемдік етуін мүмкіндігін арттырады, құқықтық мемлекеттің қалыптасуы және азаматтық қоғамның дамуына септігін

тигізеді. Дегенмен құқықтық нигилизм мәселесі де құқықтық мәдениеттің қалыптастыру мен дамытуда кедергі болады.

Қорытынды

Осы мақала аясында қазақстандық тәжірибе мен құқықтық шынайылықты зерделеу, жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен дамытуда олардың менталдық ерекшеліктері маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Жастардың өз құқықтарын білуі деңгейіне жас, жыныс, білім алу деңгейі секілді факторлар айтарлықтай әсер етпейді. Олар өз құқықтарын білудің маңыздылығы мен қажеттілігін сезінеді. Жастардың басым көпшілігі бірінші кезекте құқықтарды білуді өз қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланыстырады. Білім ұйымдары жастарға құқықтық білім берудің негізгі қайнар көзі болып табылады. Жастар интернет және әлеуметтік желілерді (фейсбук, инстаграмм, тикток) белсенді пайдаланушысы болғанымен, оларды құқықтық ақпаратты алудың қайнар көзі ретінде қарастырмайды. Зерттеу нәтижесі жастар өз құқықтарын бірінші кезекте өздері қорғауы керек екендігін түсінетіндігін көрсетті. Екінші жағынан олар өз құқықтарын қорғауда жауапкершілік пен құқықсубъектілікті танытады, бұл құқықтық тұрғыдан, олардың дербестілігі мен қалыптасуы нышанын аңғартады деп пайымдалады.

Жалпы жастар арасында құқықтық мәдениет туралы дұрыс түсінік қалыптасқан. Олар Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілген адам құқықтары мен бостандықтарының құрметтелуі мен сақталуы құқықтық мәдениеттің ең басты көрсеткіші ретінде анықтайды. Осы орайда, тұтастай қоғамда құқықтық мәдениеттің біріңғай және нақты түсінігін қалыптастыру мақсатында заңнамалық деңгейде мысалға «Нормативтік актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңында немесе Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында оның нормативтік анықтамасын беру ұсынылады.

Құқықтық мәдениет, құқықтық мемлекеттің маңызды көрсеткіші заң үстемдігінің сақталуы, заң билігі, адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуы секілді аспектілерінде нигилистік әсерлер әлі де болса сақталып келеді. Жастар кез келген қоғамның қозғаушы факторы, сондықтан

мемлекет және қоғам тарапынан бұл бағыттағы жағдайды жақсарту үшін тұрақты түрде кешенді жұмыстарды жүргізуді талап етеді. Олардың ішінде, құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен жетілдіру туралы арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдау, оқу және білім беру салаларында құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен көтеруге бағытталған институционалды реформалар жүргізу, жастардың құқық және құқықтық құндылықтардың маңыздылығын менталдық деңгейде қабылдауын жақсартуға бағытталған интернет, әлеуметтік жүйелердегі белсенділікті күшейтуді айта кеткен дұрыс.

Қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен жетілдіру мемлекеттік емес ұйымдар мен мекемелер, қоғамдық институттар, қоғамдық бірлестіктер, ақсақалдар алқасы мен әйелдер қауымдастығы, саналы ұрпақ және тағы басқа секілді жастар ұйымдары белсене қатысуы керек. Бүгінгі таңда мемлекеттің осы мәселе бойынша аталған ұйымдармен үйлесімдік танытуда қауқарсыздық танытанын сыңайлы. Осы себептен құқықтық білімді насихаттау мен тарату, оны іс жүзінде қолданылуы үшін мемлекеттегі барлық қоғамдық ұйымдар және мемлекеттік ұйымдардың белсендігін арттыратын механизмін ендіру қажеттігі туындайды.

Жоғарыда жүргізілген зерттеулерден көргеніміздей, азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтары, заңдар туралы білімі артқан сайын қоғамда заң билігі мен заң үстемдігі арта түседі. Сондықтан құқықтық мәдениетті жастар арасында қалыптастыру ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан тереңірек зерттеу, оның негізінде құқықтық мәдениетті жетілдіру туралы тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу қоғамда құқық үстемдігі мен заң билігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Әрине, дамыған батыс елдеріндегі озық тәжірибе деңгейіне жету үшін бірталай шаруалар атқарылуы тиіс, оған біраз уақыт және күш жұмсалуды керек. Батыстық үлгіден ерекшелігі, ғасырлар бойы қазақ қоғамда көпшіліктің мүддесі жеке-нің мүддесінен, құқықтары мен қажеттіліктерінен басымдықта болды. Сол себептен адамдардың менталдық деңгейінде әсер ету арқылы олардың құқық туралы, құқықтың әділеттігі, үстемдігі және бейтараптығы туралы көзқарастары мен пікірлерін оң бағытта өзгерту тектоникалық күшті талап етеді.

Заманауи уақыттың талаптарына сәйкес түрлену процесі барысында, осы мемлекетте өмір сүретін адамдардың, тұтастай халықтың құқық-

тық шынайылық, құқық және заңдарға қатысты ұзақ бойы әртүрлі тарихи, мәдени және басқа да факторлардың әсерінен қалыптасқан менталдық және дүниетаным жүйесінің ерекшеліктерін, саналық және бейсаналық көзқарастарының көріністері мен архетиптері, олардың өзара әсерін тереңірек зерделеу, жастардың арасында құқықтық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының заңдылықтары мен тенденцияларын

түсінуге негіз болады деп пайымдалады. Құқық үстемдік ететін қоғам жағдайында жастар арасында құқықтық мәдениетті дұрыс және тиімді қалыптастыру, оны тиісті түрде және нысанда құқықтық теориялық қамтамасыз ету, құқықтық сананы оң қалыптастыруға, сол арқылы, қоғамдағы жалпы құқықтық мәдениеттің деңгейін тиімді көтеруге, заң үстемдігінің орнығуына ықпал жасайтындығы сөзсіз.

Әдебиеттер

- Абсаттаров Г.Р. Правовая культура: характеристики и специфика (на примере современного Казахстана) // Вестник РУДН. – 2014, №2. – С. 181–189.
- Айменов А.Ж. Правовая культура в представлениях и практика студенчества Казахстана // cyberleninka.ru (Дата обращения: 18.05.2023).
- Акмамбетов Г.Г. Личность как этическая проблема. Автореферат на соискание ученой степени доктора философских наук. Москва, 1984. – С. 361.
- Ахметов А.С. Особенности правовой культуры казахстанского общества [Текст] / А.С. Ахметов // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – 2013. – №5 (96). – С. 238–242.
- Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права. – Алматы, 2003. – С. 452–453.
- Байниязов Р.С. Правосознание и российский правовой менталитет // Правоведение. – 2002. – №2 (229). – С. 31–45.
- Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы, 2008. – 216 бет.
- Загородский В.В. Деформация правовой культуры в современном Казахстане: понятие, последствия, пути преодоления // В.В. Загородский // Гуманитарные и социально-экономические науки. – 2010. – №2 (51). – С. 125–127.
- Иванников И.А. Концепция правовой культуры // Правоведение. – 1998. – №3 (222). – С. 14–19.
- Ибраева А.С., Сартаев С.А., Ибраев Н.С., Есетова С.К., Сейфуллина А.Б. Теория государства и права. Курс лекций. Алматы, 2017. – 211 б.
- Искендірова С.К., Жаров Е., Жуламанова Д. (2024). Талант-менеджмент в государственном управлении Республики Казахстан: вызовы и перспективы // Государственное управление и государственная служба. – 2024. – №1 (88). – С. 48–63. <https://doi.org/10.52123/1994-2370-2024-1202>
- Кабыкенова Б.С. Философия правовой культуры [Текст] / Б.С. Кабыкенова // Вестн. Каз. нац. ун-та. Сер. политологии, философии, культурологии. – 2007. – №2. – С. 13–16.
- Павловская-Кравчук В.А. Понятие и сущность правового менталитета: методология исследования // Вестн. Акад. пров. наук Украины. – Х.: Право, 2010. – №4 (63). – С. 257–266.
- Пралиева Г.К. Правосознание казахстанского общества: проблемы и перспективы развития. Монография. – Алматы, 2010. – С. 204.
- Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы, 2007. – 175 б.
- Турлаев А.В. Правовая культура личности и права человека [Текст] / А.В. Турлаев // Актуальные проблемы современности. – 2007. – №2. – С. 162.
- Bencsik, A., Juhász, T., Horváth-Csikós, G. (2016). Y and Z Generations at Workplaces. Journal of Competitiveness, 6(3), 90–106. <https://doi.org/10.7441/joc.2016.03.06>
- Burns, Robert P., and Richard Burns. Business Research Methods and Statistics Using SPSS. SAGE, 2008.
- Code of honor of public servants of RK | Electronic government of the Republic of Kazakhstan. (n.d.). Retrieved 15 February 2025, from https://egov.kz/cms/en/articles/state_service/ethic_code
- Hair, J.F., Hult, G.T.M., Ringle, C.M., and Sarstedt, M. (2017). A Primer on Partial Least Squares Structural Equation Modeling (PLS-SEM). 2nd Edition, Sage Publications Inc., Thousand Oaks, CA.
- O’Leary, Z., Tennent, E. (2024). The Essential Guide to Doing Your Research Project. United Kingdom: SAGE Publications, Limited.

References

- Absatdarov, G. R. (2014). Pravovaya kultura: kharakteristiki i spetsifika (na primere sovremennogo Kazakhstana) [Legal culture: characteristics and specifics (on the example of modern Kazakhstan)]. Vestnik RUDN, (2), 181–189.
- Aimenov, A. Zh. (2023). Pravovaya kultura v predstavleniyakh i praktika studenchestva Kazakhstana [Legal culture in the perceptions and practice of Kazakhstani students]. cyberleninka.ru (Date accessed: 18.05.2023).
- Akmambetov, G. G. (1984). Lichnost' kak eticheskaya problema [Personality as an ethical problem]. Avtoreferat na soiskanie uchenoy stepeni doktora filosofskikh nauk. Moskva.

- Akhmetov, A. S. (2013). Osobennosti pravovoy kultury kazakhstanskogo obshchestva [Peculiarities of the legal culture of Kazakhstani society]. Vestnik ENU im. L. N. Gumileva, (5) (96), 238–242.
- Baimakhanov, M. T. (2003). Izbrannye trudy po teorii gosudarstva i prava [Selected works on the theory of state and law]. Almaty, 452–453.
- Bainiyazov, R. S. (2002). Pravosoznanie i rossiyskiy pravovoy mentalitet [Legal consciousness and Russian legal mentality]. Pravovedenie, (2) (229), 31–45.
- Bencsik, A., Juhász, T., & Horváth-Csikós, G. (2016). Y and Z Generations at Workplaces. Journal of Competitiveness, 6(3), 90–106. <https://doi.org/10.7441/joc.2016.03.06>
- Burns, R. P., & Burns, R. (2008). Business Research Methods and Statistics Using SPSS. SAGE.
- Code of honor of public servants of RK | Electronic government of the Republic of Kazakhstan. (n.d.). Retrieved 15 February 2025, from https://egov.kz/cms/en/articles/state_service/ethic_code
- Hair, J. F., Hult, G. T. M., Ringle, C. M., & Sarstedt, M. (2017). A Primer on Partial Least Squares Structural Equation Modeling (PLS-SEM) (2nd ed.). Sage Publications Inc.
- Ivannikov, I. A. (1998). Kontseptsiya pravovoy kultury [The concept of legal culture]. Pravovedenie, (3) (222), 14–19.
- Ibraeva, A. S., Sartayev, S. A., Ibraev, N. S., Esetova, S. K., & Seyfullina, A. B. (2017). Teoriya gosudarstva i prava. Kurs lektsiy [Theory of state and law. Course of lectures]. Almaty, 211 p.
- Iskenderova, S. K., Zharov, E., & Zhulamanova, D. (2024). Talant-menedzhment v gosudarstvennom upravlenii Respubliki Kazakhstan: vyzovy i perspektivy [Talent management in public administration of the Republic of Kazakhstan: challenges and prospects]. Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaya sluzhba, 1(88), 48–63. <https://doi.org/10.52123/1994-2370-2024-1202>
- Kabykenova, B. S. (2007). Filosofiya pravovoy kultury [Philosophy of legal culture]. Vestnik Kaz. nats. un-ta. Ser. politologii, filosofii, kulturologii, (2), 13–16.
- O’Leary, Z., & Tennent, E. (2024). The Essential Guide to Doing Your Research Project. United Kingdom: SAGE Publications, Limited.
- Pavlovskaya-Kravchuk, V. A. (2010). Ponyatie i sushchnost’ pravovogo mentaliteta: metodologiya issledovaniya [The concept and essence of legal mentality: research methodology]. Vestnik Akkad. prav. nauk Ukrainy. Kh.: Pravo, (4) (63), 257–266.
- Pralieva, G. K. (2010). Pravosoznanie kazakhstanskogo obshchestva: problemy i perspektivy razvitiya [Legal consciousness of Kazakhstan: problems and development prospects]. Monografiya. Almaty, 204.
- Zimanov, S. Z. (2008). Kazakhtyn biler soty – biregei sot zhuyesi [Kazakh biys’ court – a unique court system]. Almaty, 216 p.
- Turlaev, A. V. (2007). Pravovaya kultura lichnosti i prava cheloveka [Legal culture of personality and human rights]. Aktualnye problemy sovremennosti, (2), 162.
- Sapargaliev, G. S., & Ibraeva, A. (2007). Memleket zhane kutyk teoriyasy [Theory of state and law]. Almaty, 175 p.
- Zagorodskiy, V. V. (2010). Deformatsiya pravovoy kultury v sovremennom Kazakhstane: ponyatie, posledstviya, puti preodoleniya [Deformation of legal culture in modern Kazakhstan: concept, consequences, ways of overcoming]. Gumanitarnye i sotsialno-ekonomicheskie nauki, (2) (51), 125–127.

Авторлар туралы мәлімет:

Бакиров Дархан Абдиманопович – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экология кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі, (Қазақстан, Алматы, e-mail: dbakirov@mail.ru);

Жуламанова Динара Болатовна – Алматы Менеджмент Университетінің оқытушысы, педагогика магистрі (Қазақстан, Алматы, e-mail: zhakdinara@mail.ru);

Кошкинбаева Алия Сержановна – PhD, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Құқық кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор (Қазақстан, Алматы, e-mail: ankin2008@bk.ru).

Information about authors:

Bakirov Darkhan Abdimanapovich. – master of jurisprudence, senior lecturer of the department of customs, financial and environmental law Al-Farabi KazNU (Kazakhstan, Almaty, e-mail: mauxametnur@mail.ru);

Zhulamanova Dinara Bolatovna – master of pedagogy, teacher of the Almaty Management University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: mauxametnur@mail.ru);

Koshkinbayeva Aliya Serzhanovna – PhD, assistant professor, the Head of Department of Law Kazakh National Agrarian Research University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: ankin2008@bk.ru).

Сведения об авторах:

Бакиров Дархан Абдиманопович – магистр юриспруденции, старший преподаватель кафедры таможенного, финансового и экологического права КазНУ им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: mauxametnur@mail.ru);

Жуламанова Динара Болатовна – магистр педагогики, преподаватель Алматы Менеджмент Университет (Алматы, Казахстан, e-mail: mauxametnur@mail.ru);

Кошкинбаева Алия Сержановна – PhD, асс. профессор, заведующая кафедрой права Казахского национального аграрного исследовательского университета (Алматы, Казахстан, e-mail: ankin2008@bk.ru).

Тіркелді: 20 мамыр 2025 жыл
Қабылданды: 10 маусым 2025 жыл